



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

**ТҰТЫНУШЫ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІН АНЫҚТАУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Марат Нұржан Маратұлы

nuralimarat@yandex.ru

«Экологиялық және кәсіпкерлік құқық» кафедрасының аға оқытушысы, заңтану
магистрі

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау – қазіргі кездегі негізгі мәселелердің бірі. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте тұтынушылардың құқықтарына нұқсан келтіріліп жатады. Олардың шығу төркіні - тауарды сатушы тарапынан тұтынушы құқығына мән бермеу ғана емес, көп жағдайларда тұтынушылардың өз құқықтарын білмеуіне байланысты.

Тұтынушы құқығын қорғауға бағытталған нормативтік-құқықтық актілер Конституциядан бастау алады. Конституцияның 1-бабында «мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады» деп көрсетілген[1].

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау құқықтың әр саласын қамтитын нормативтік-құқықтық актілер арқылы жүзеге асырылады. Аталмыш ережелер Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің жалпы және ерекше бөлімінің нормаларында көрініс табады. Кодекстің жалпы бөлімінде азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық айналымға, қатысуы және мәмілелердің табиғаты мен жасалу тәртібінің құқықтық негіздері, ал ерекше бөлімде тұтынушылармен жасалатын сатып алу-сату, мердігерлік, өтемелі қызмет көрсету, мүлік жалдау, тасымалдау және тағы басқа да шарттардың негізгі талаптары белгіленеді. Ал тұтынушылардың құқықтарының бұзылуынан азаматтық, әкімшілік және қылмыстық құқықтық нормалар қорғайды. Дегенмен, тұтынушылардың құқықтарын қорғау бағытындағы отандық нормативтік базаның көлемі ауқымды болғанымен, олар әлі толығымен қалыптасып біткен жоқ, әрі қоғамдық қатынастар бір жерде тоқтап тұрмай, өмір талабына сай үнемі дамып және өзгеріп отыратындықтан, нормативтік базаны да үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарында тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған біршама маңызды қадамдарды жасады. Ең алдымен нормативтік база қалыптасты. Алайда заңдарды қабылдап қою жеткіліксіз, олардың жұмыс істеуі қажет, ең бастысы азаматтар заңды сауатты қолдана білуі тиіс.

Тұтынушы –тауарлар мен қызметтер нарығында басты тұлға болып табылады. «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңының 1-бабында, тұтынушы ұғымына төмендегідей анықтама береді: «Тұтынушы – өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тапсырыс беру немесе иелену ниеті бар не тапсырыс беретін, оларды иеленетін және (немесе) пайдаланатын жеке тұлға» Заң ережесіне сүйене отырып, тұтынушының төмендегідей белгілерін ажыратуға болады:

Біріншіден, тұтынушы- жеке тұлға. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 12-бабына сәйкес жеке тұлға ретінде Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар танылады[2]. Сондықтан тұтынушылардың құқықтары жоғарыда көрсетілген жеке тұлғалардың барлық санаттарына тиесілі әрі бірдей қорғалады. Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар Республика азаматтарымен бірдей тұтынушылық құқықтарға ие болады.

Екіншіден, жеке тұлға тауарға (жұмысқа, қызметке) тапсырыс береді немесе оны иеленеді немесе тапсырыс беруге, иеленуге ниеттенеді. Қызмет пен тауарды алатын адам ғана емес, осы өнімді пайдаланатын адам да, сонымен бірге тауарды алуға ниет білдірген

адам да тұтынушы болып есептеледі. Яғни, жеке тұлға сатушыдан тауарды көрсетуді және ол туралы ақпарат беруді өтінгеннен бастап тұтынушы болып есептеледі. Мысалы, оған тауарды сатып алу, алдын-ала тапсырыс беру, белгілі бір жұмысты орындауға тапсырыс беру және қызмет түрлерін пайдалану жатады. Бұл қатынастар тұтынушының азаматтық-құқықтық шарттарды жасасуы арқылы жүзеге асырылады. Олар бөлшектеп сатып алу-сату шарты, сыйға тарту, мердігерлік, өтемелі қызмет көрсету, тапсырма т.б. шарттар арқылы реттеледі. Бірақ шарттық қатынастар мұнымен шектелмейді. Туристік, медициналық, әлеуметтік, қаржылық және өзге де қызметтер саласындағы қатынастар да шарт арқылы қалыптасады. Аталған құқықтық қатынастарға тұтынушы құқықтарын қорғау туралы заңнан басқа салалық заңдар әрекет етеді.

Үшіншіден, тұтынушы өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында тауарларды (жұмысты, қызметті) иеленеді немесе оған тапсырыс береді. Қазақстан Республикасының «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» заңында «өз қажеттіліктерін қанағаттандыру» ұғымының мәні ашылмайды. Өз қажеттіліктерін қанағаттандыру ұғымының мазмұны Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 445-бабында былай көрсетіледі: «Тауар сату жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сатушы бөлшектеп сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушыға кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, әдетте жеке өзіне, отбасында, үйінде немесе өзге де пайдалануға арналған тауарларды беруге міндеттенеді»[3].

Тұтынушы тауарды өзі жеке немесе отбасы, үйінде пайдалану қажеттіліктерін өтеу мақсатында іске асырады. Біздің түсінігімізше, тұтынушы тауарды пайдалану кезінде кәсіпкерлік ниет немесе мақсатты көздемеуі тиіс. Шет мемлекеттердің, тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңдарында(мысалы, Ресей, Беларусь) тұтынушы ұғымын анықтау кезінде тұтынушы ретінде оның өзінің, отбасының немесе үйде пайдалану үшін, кәсіпкерлік мақсатты көздемей тауарларға(қызметтерге, жұмысқа) тапсырыс беру немесе иеленетін(тапсырыс беруге немесе иеленуге ниеттену) жеке тұлғаны айтады.

Біздің пікірімізше, ҚР-сының «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» заңында тұтынушы ұғымын анықтау кезінде тауарды кәсіпкерлік мақсатта пайдаланбай, өзінің, отбасының және үйде пайдалану туралы ережелер қамтылуы тиіс деп ойлаймыз.

Тауар өндірушілер және сатушылар тұтынушы мүддесіне сәйкес әрекет етуі қажет. Тұтынушы арзан бағаға сапасы жоғары тауар алуға тырысады. Міне осы жерде сатушы (орындаушы, дайындаушы) мен тұтынушы мүддесі сәйкес келмейді. Сатушы (орындаушы, дайындаушы) жағында экономистер, заңгерлер, ал тұтынушы жағында тек оның өзі. Сондықтан тұтынушының құқықтық тұрғыдан сауатты болуы талап етіледі. Сонымен қатар тұтынушы егемендігі қамтамасыз етілуі тиіс. Тұтынушы егемендігі - оның еркінен тыс ешкімнің де тұтынушыны тауарды сатып алуға, қызмет немесе жұмыс үшін мәміле жасасуға мәжбүрлемеу қағидасы.

Тұтынушы құқығының қорғалуының тарихына тоқталсақ, тұтынушылардың тарихтағы ең алғашқы қарсылығы 1775 жылы АҚШ-та орын алды.

Тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғау проблемасы Европа елдерінде өткен ғасырдың 50-70 жылдарында пайда болып, өмірде ұйымдасқан қозғалыстарды тудырды. Бельгия мен Ұлыбританияда тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі алғашқы ұйым 1957 жылы, Нидерландияда – 1963 жылы құрылды.

АҚШ-та тұтынушылар қозғалысы өткен ғасырдың басында пайда болды. Ол бағаның көтеріліп, ет өнеркәсібіндегі жағдай мен медициналық препараттарды патенттеу жөніндегі дауларға байланысты туындады. Тұтынушылардың екінші ірі қозғалысы өткен ғасырдың 30-шы жылдарында экономикалық дағдарыс кезеңіне сәйкес келеді. Үшінші рет констыюмеризм толқыны 60-шы жылдары көтерілді.

Тұтынушыларды құқықтық қорғаудың төрт негізгі құқығы туралы декларацияға АҚШ президенті Д.Кеннеди 1962 ж. 15 наурызда қол қойған болатын. Олар:

- тауар қауіпсіздігіне құқық;
- ақпараттар алу құқығы;
- өз мүддесін білдіру құқығы;

Халықаралық тұтынушылар одақтарының ұйымы (ХТОҰ) бұған тағы төртеуін қосты:

- негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру құқығы;
- зиянның орнын толтыру құқығы;
- тұтынушылық білімге құқық;
- қоршаған ортаның қорғалуына құқық

Қазіргі уақытта констыюмеристік қозғалыс әлемнің барлық елдерін қамтып отыр.

Қазақстанда «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заң 1991 жылдың 5 мамырында қабылданды. Дегенмен, кеңестік кезеңде қабылданған бұл заң нарықтық экономика тұсында тұтынушы құқығын қорғауға байланысты міндеттерді орындауға икемсіздігін көрсетті. Сондықтан тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы жаңа заңның қажеттілігі туындап, ол 2010 жылы 4 мамырда қабылданды.

Қолданылған әдебиет

1. ҚР Конституциясы. 1995 жыл. (соңғы өзгертулері мен толықтырулары ескерілген)
2. ҚР Азаматтық кодексі. 1994 ж. Жалпы бөлім (соңғы өзгертулері мен толықтырулары ескерілген)
3. ҚР Азаматтық кодексі. 1999 ж. Ерекше бөлім (соңғы өзгертулері мен толықтырулары ескерілген)
4. ҚР-сының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңы 2010 ж. 4 мамыр
5. "Тұтынушылар құқын қорғау туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 1996 жылғы 25 шілде N 7 нормативтік қаулысы.
6. Жайлин Ғ.А. Азаматтық құқық. Оқулық. Ерекше бөлім. –Алматы: заң әдебиеті, 2005ж.
7. Киздарбекова А. С, Асетова Г. Б. Кәсіпкерлік құқық: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011 ж.

УДК 347.73

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нәбиолла Анаргүл

anargul.nabiolla@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің 3-курс студенті

Ғылыми жетекші –аға оқытушы Марат Нұржан Маратұлы

Қазақстан Республикасы адамның құқығына және бостандығына кепілдік береді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы тегіне, әлеуметтік, лауазымды және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез- келген өзге жағдайлар бойынша ешкімді де кемсітуге болмайды және заң мен сот алдында бәрі тең деп жариялайды[1].

Осыған сәйкес, құқықтық мемлекеттің және өркениетті қоғамның азаматтарының қалыпты өмір сүруіне заңдылық негіз болады. Ал заңдылық азаматтардың заң алдындағы нақты теңдігін қамтамасыз етуге қабілетті қоғам жағдайында ғана орын алуы мүмкін. Мұндай жағдай барлық азаматтарға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиімді жағдай жасау, нарықтық экономикалық қатынастардағы материалдық игіліктерді өндіру саласында теңдікті қамтамасыз ету арқылы қалыптасады. Әрі бұл құқықтық мемлекеттің басты міндеті.

Ал азаматтардың қажеттіліктерінің ауқымды бөлігі тауар алу арқылы, яғни сауда саласында қанағаттандырылады. Біз күнделікті өмірде азық-түлік, киім, тұрмыстық заттар